

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

өсуіне әкелді. Сонымен, бастапқыда айырбас бағамы бойынша 1 «тецза» - 1 рубль 10 кооп құраса, 1913 жылы құны жоғалып, кейбір кездері 1 рубльді немесе одан төмен бағаны құрады [4, б. 71].

Шәуешектегі орыс және қытайлық көпестерінің қолында «тецза» өте көп мөлшерде болды. Кейін орыс мен қытай көпестері де шығынға ұшырамас амалын іздеп, екі ел саудагерлері, консулдық қызметкерлер, Тарбағатай әскери губернаторы, басқа да қытай шенеуніктерінің және «киргизские укурдайи»⁴ қатысуымен жиналыста: өзара келісім бойынша саудагерлердің несие рублін және жергілікті Тарбағатай «тецзасын» бір бағамен қабылдап, санау жүйесі орнатылды [3, б. 134].

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басындағы Семей облысы экономикасының сауда-өсімқорлық, ауылшаруашылық саласында, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптің кейбір салаларында (ұн, темекі-шарап, тері және т.б.) табысты дамыды. Кәсіпкерлік іс-әрекетінің бұл салаларын бөлек қарастырылуы осы салалардың әрбіреуінің бір-бірінен автономды дамығандығын білдірмейді. Бүкіл дерлік революцияға дейінгі әдебиеттерде сауда мен өндіріс бірге беріледі. «Сауда-өнеркәсіптік тап», «сауда-өнеркәсіптік іс-әрекет» сияқты түсініктер жиі кездеседі. Бұл да кездейсоқ емес, себебі көпестердің көбі сауда саласында бастапқы капиталды жинап, кейіннен капиталды өнеркәсіптік бизнеске салуға тырысты. Ал соңғысы, белгілі болғандай, кәсіпкерлікті негізінен ауылшаруашылық өнімді өңдеу саласында көрсетті. Осылайша, кәдімгі өмірде сауда, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік кәсіпкерлік бір-бірін толықтырып өмір сүрді. Ірі кәсіпкерлер өз капиталдарын жиі іс-әрекеттің әртүрлі кәсіпкерлігіне салды, себебі бір операциялардың бұзылуы басқалардың табыс табуымен компенсацияланады.

Қазақстан экономикасында сауда және коммерциялық капитал орасан зор рөл атқарды. Кәсіпкерлердің көпшілігі капиталды өнеркәсіпке салмай, негізінен саудамен айналысты, негізгі айналым мен пайда саудадан келді. Қазақстанның әрбір аймағының өзіндік ерекшелігі болды, ол сауданың жекелеген түрлерінің таралуынан көрініс тапты.

Бүгінгі таңда XIX-XX ғғ. тоғысындағы орыс-қытай саудасының мұрасы Семей мен оның төңірегі тарихының маңызды аспектісі болып қала береді. Ресеймен және Қытаймен байланыстар аймақтың экономикалық дамуында шешуші рөл атқаруын жалғастыруда, ал ХХІ ғасырдағы сауда қатынастарының келешегі ынтымақтастық пен экономикалық өсуді нығайту үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917). - Алматы, Олке, 1998. 275 с.
2. Касымбаев Ж.К. Казахстан-Китай: караванная торговля в XIX – начале XX веков. – Алматы, 1996. – 234 с.
3. Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (18 - начало 20 в.в.) Сборник документов. Семипалатинск, 2004. 350 с.
4. ЦДНИ ВКО, Р-338, оп.2, д.1, л.64-76.

ӘОЖ 9. 94

АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Мұқатай Аружан Ерғазықызы

aruzhan.mukatay.04@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ерменбаева Г.К.

⁴ Тарбағатай өңіріндегі қазақтар арасынан шыққан жергілікті билік өкілдері.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бастап республика аумағында 130-ға жуық әртүрлі ұлттардың тұратыны белгілі болды. Соның бірі поляк халқы. Қазіргі уақытта поляк халқы 60 мыңға жуық адамды құрайды. XIX ғасырдағы 1830-1831 жылдардағы поляк көтерілісі кезінде поляк халқының жаппай жер аударылуы болды. Поляк халқының ұлт-азаттық көтерілісі қайраткерінің бірі, ақын, **этнограф, саяхатшы және жазушы** Адольф Янушкевич. Студенттік жылдардан бастап жастардың үйірмелеріне белсенді қатысқан А.Янушкевич кейін Польшаны азат ету үшін күресушілермен жақындасады. 1831 жылы поляк ұлт азаттық көтерілісі қатысқан А.Янушкевич Сібірге жер аударылады. 1841 жылы Омбыға көшуге рұқсат етілді, онда ол аудандық сотқа қызметке кіріседі, содан кейін "Сібір қырғыздары" Шекара басқармасы бастығының кеңсесіне ауыстырылады. Мұнда оған комиссия құрамында қазақ даласына саяхат жасауға мүмкіндік туды. А.Янушкевичтің өмірбаяны мен шығармашылық мұрасын зерттеуші Ф.Стеклова оның өмірінде екі түрлі кезеңді бөледі: «Біріншісі, 1831 жылға дейінгі - отбасы, оқу орны, достары, сүйікті келіндері, туған жері, шетелге сапарлары, болашақ армандары...1831 жылы оның өмірінде бетбұрыс кезең болды: көтеріліске қатысу, ауыр жарақат алу, тұтқынға түсу. Содан кейін екінші кезең басталды: түрме, аяғымдағы кісенмен белгісіз қашықтықта ұзақ жолдар, сот, жер аударылу» [1, 90 б.]. Экспедиция жолы Омбыдан Семей, Аягөз арқылы жоңғар жотасының сілеміне, Алакөл көліне, Лепсе және Қаракөл өзендеріне, одан әрі Балқаш көліне, Тоқырау өзеніне және Қуу, Қарқаралы, Шыңғыс Тау тауларына дейін созылды. Қазақтардың күнделікті өмірінің, тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрлерінің түрлі-түсті сипаттамасы, өзіндік мәдениеті туралы мәліметтер оның достарымен және отбасымен жеке хат алмасуының арқасында бізге жеткен.

«Енді біраздан соң біз жол үстінде боламыз. Экипаж, почта таситын аттар, күзетші казактар - бәрі де дайын. Саяхатқа бірге шығатын жолдасымның әйелі, балалары мен үй күзетшісі жылап-сықтап, өзі де көз жасын тыя алмай, бізді Омбыда сәл аялдағып тұр. Ол ыстық құшақтан ажырағанша, мен саған, қымбатты мама, ақ батаңды алу үшін, өзімнің тағы да қоштасу сәлемімді жолдай аламын. Мен ұзақ сапарға шыққалы отырмын. Бұл жолы мені едәуір қиындықтар мен кедергілер, бәлкім, қауіп-қатер де күтіп тұрған шығар. Цивилизациялы Европаны бұдан бірнеше жыл бұрын аралаған саяхатыма бұл мүлде ұқсамайды. Енді мен беймәлім елге барып, қазақ даласының түкпір-түкпіріне шейін аралауға бет алдым, қолына қару ұстап, көшіп-қонып жүрген ордалардың арасында өмір сүрмекпін, арқыраған атпен өзеннен жүзіп өтіп, әлі күнге дейін бірде-бір поляқтың табаны тимеген таулардың шыңына көтерілмекпін. Ағымнан жарылайыншы, бұл саяхаттай мен титтей де жасқанып отырған жоқпын: бір құдайға сыйынып, ана батасын көңіліме медеу тұтып, мен жолға шығамын.

Қайығыма бағыт сілте айдында,
Өзің ұста атымның да тізгінін,
Өзін болшы адастырмас жұлдызым!...

Қош, қош, сүйікті мама! Бәріңмен қоштасамын, сау-сәлемат болыңдар!» [2, 19-20 б.].

Адольф Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» кітабы осы сөздерден басталды. Ең алғаш өз анасына хат жолдап, алдағы сапарын баяндаған. Анасын енді тек 25 жылдан кейін көретін болады. Анасымен соңғы кездесуі оның өміріндегі ең бақытты кездердең соңы деп санауға болады.

Адольф Янушкевич хаттары мен жазбаларында қазақтардың XIX ғасырдың ортасындағы өмірі бейнеленген күнделікте қазақтардың күнделікті өмірі, тұрмыс-тіршілігі, бақсылардың болашақты болжауы, емдеу әдісі туралы жазбаларда бар. Семей қаласының негізі 1716 жылы салынды. Қолайлы географиялық орнына байланысты сауда-саттық дамыды. Адольф Янушкевич 1846 жылы Семейде болған кезеңде күнделігінде осы хатты қалдырды: «Семей бір кездегі Омбы облысының орталығы болған. Қазір Томск губерниясының Бийск округіне қарайтын ол Тобылдан - 1300 шақырым және Омбыдан 700 шақырым, Семей өзенінің Ертіске құяр сағасында. 1716 немесе 1726 жылы осы аттас кішігірім бекініс 20 шақырымнан астам төменірек болған және жиі көтерілетін Ертіс суы шайып кету қаупі төнгендіктен, оның іргесі XVIII ғасырдың екінші жартысында көтерілген,

дәлірек айтқанда, ол осы жерге көшіріп, әкелінген. Жоңғарлардың қираған ескі қамалының орнына салынған бүгінгі Семейде 7000-ға тарта тұрғын бар, олардың көбі татарлар, ташкенттіктер, бұхарлықтар. Сондықтан шіркеуі біреу, ал мешіт алтау немесе жетеу. Қазақ тілі барлық жерде дерлік қолданылады. Тіпті, мұндағы сән-салтанаты асқан россиялықтардың тең жартысы, біздің әйелдеріміздің французша сөйлейтініндей, осы тілде еркін сөйлейді»

«Ірбіт пен төменгі Новгородтан әкелінетін россиялық товарлар үшін бұл жердің көпестері шекаралас қытай қалалары Шәуешек пен Құлжадан шай, жібек маталары, фарфор, әртүрлі ұсақ-түйектер алады. Ташкенттен, Қоқандан, Бұхардан шапандар, кілемдер, мақтадан жасалған сан алуан заттар, күріш, кептірілген жемістер, қазақ даласынан жылқының, сиырдың, қойдың, түлкінің және басқа аңдардың иленбеген терілері, киіз, т.б сауда-саттыққа түсіп жатады» [2, 23 б.].

А.Янушкевич інісіне жазған хатында жалпы Семей қаласы туралы не білетінін қазіргі уақытта қандай өзгерістерге ұшырағанын жазады. Бұл жердегі тұрғындардың көбі татарлар екеніне мән бере кеткен жөн. Татарлардың Семей қаласында басты кәсібі сауда болып табылады. XVIII ғасырда үкімет қаулыларына сәйкес орыс татарлары мен Орта Азия халықтары Семейде сауда жасауға құқылы болды. «Ертістің көктемгі су тасқыны салдарынан аралды жиі су басқандықтан, мұсылмандар елді-мекенді жоғарырақ жерге көшіру туралы өтінішпен билікке жүгінген. 1798 жылы рұқсат алынды» [3]. Семей қаласы XIX ғасырда сауда-саттық байланыстары дамыған жағдайда болды және Ресей империясының Орта Азия елдерімен сауда-саттықта дәнекер қызметін атқарды. Сонымен қатар, Қытаймен сауда байланыстары болды. «Батыс Сібір әкімшілігі сауда керуендерін қорғау міндетін өз мойнына алған қазақ дворяндарын тарта отырып, көпестерге саудада жеңілдіктер берді... 1859 жылы Сібір кеден округі бастығының циркуляры бойынша Семей кеденінің бастығына Ертістің сол жағында сауданы баж салығынсыз жүргізгені үшін, ал оң жағындағы көпестерге жеңілдіктер берілген» [4]. Осы шаралар Семей қаласы саудасының дамуына әсер тигізді.

Сонымен қатар, Семей қаласында шампанның көп ішелетініне тоқталып кеткен. «Шампан туралы әңгіме болғандықтан, оның қай жерде көп ішелетінін білмейтіндігімді айта кетейін: Шампаниде ма, әлде басқа бір жерде ма немесе Семейде ме? Бізді таңертеңгі тамаққа, түстікке, шайға, кофеге, преферансқа шақырған төрт күн бойы квас пен судың орнына Клико, Монтебелло және Силлериді аузымызға тосты. Тіпті, диірмен мен тері заводында тостарды тек шампанмен көтереді! Ақыры, саған мына бір тарихи деректі келтірейін: бір көпестің үйлену тойында жас жұбайлардың денсаулығы үшін 1500 шишаны босатқан!» [2, 25 б.] деген сөздерден байқауға болады.

Адольф Янушкевичтің назарын аудартқан сирек нәрселерге шампаннан басқа тағы да бес затты жатқызды:

«1. Палластың өз қолымен салған суреті. Суретте Сібірді аралаған бұл белгілі саяхатшының киіз үйде буряттармен сөйлесіп тұрған кезі бейнеленген;

2. Бір альбомға осы қалада болған кезінде Гумбольдтың өз қолымен жазған бірнеше сөйлем;

3. Балқаш жағалауының бірнеше қырғауылы

4. Арқат тауларының бірнеше арқары

5. Христиан дәуірінің 101 жылы шығарылған ұсақ рим теңгесі» [2, 26 б.].

Қаладан ішімдік пен шылымды көп кездестіретіні белгілі болды. Бірақ, қазіргі кезде біз білетіндей темекі мен ішімдіктің зияндығын түсіндіру мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіледі. Бұл бәріне белгілі зат. XIX ғасырдағы қарапайым қазақтың осындай зиян затқа деген ойын осы диалогтан білуге болады:

« - Сен не тартып тұрсың? - деп, сұрады бір қазақ Виктордан.

- Сигар тартып тұрмын.

- Сигар дегенің немене?

- Бұратылған темекі.

- Оныңның құны қанша?

-5 тиын

- Күніне сен бұңын қаншасын тартасың?

-Кей-кейде он бесін.

-Қайран, ақылсызым-ай! Одан да сен бұл ақшанды қалтаңа сала берсең ғой» [2, 31 б.].

Қазіргі кезде біздің елде тек ғана ауруханаларда емес, халық емшілігіне жазылу мақсатында жүгінетіні анық. Емшілік пен көріпкелдікпен айналысатын бақсылар келешекті ғана болжап қоймай, адамдарды емдеумен айналысады. Бақсылардың арасында халықты алдайтындары да бар екені туралы кітапта айтылған. Адольф Янушкевич ауылдарды аралау кезінде қара киіз үйлердің барлығында дерлік ауру тарағанын көрді. Аурудың таралуын надан бақсылардың емдеу әдістерінен деп білді. «Басқа да қорқынышты аурулармен салыстырғанда, безгекпен ауырғандардың халі мүшкіл еді...Жұрттың айтуынша, безгек көктемнің басынан етек алатын көрінеді. Жазда таза ауаның, қимыл-қозғалыстың, қымыздың әсерінен ауру адам ем- домсыз- ақ айығады. Ал жылына талай адамның өмірін қиятын шешекке қазақ медицинасының қолданар амалы жоқ» [2, 44 б.].

Жылан шаққан жағдайда емделудің бірнеше жолдары бар екенін білгенін хаттарына түсірген. «Ең тәуір амал- сол бетте-ақ молланы шақырып, жылан шаққан адамға «жылан сөзін» оқытады, жараға жылқы терін жағып, сосын оны ауру адамға ішкізеді. Егер жылан жылқыны шақса, оны қойлардың арасына жатқызып, жарасын құрғатылған жылан терісімен сүрту керек, үш күннен кейін ісік қайтып, жылқы құлантаза сауығады.» немесе «Бірде жылан біз тоқтаған үйіміздің қызының қолын шағып алыпты, сол сәтте қолды жоғары көтеріп, жараға қыздырылған темір басты, үш күннен соң қыз сауықты» деген емдеу әдістерін қазақтардан естіген оқиғалардан білді [2, 50-51 б.]. Құнанбай асқазан ауырған баласын бақсы және балгерлерге сенбей өзі емдегені туралы да хатында жазған. «Қара ешкіні сойып, оның майын көк белбеуге жағады да, онымен баланың ішін айналдырып байлайды. Бұл маймен денесін де сылайды» [2, 178 б.].

Сонымен қатар, қазақтардың дәстүрлері жайлы айтып кеткен. Қазақтардың құда болуы мен өлікті шығары кезеңдері сипатталады. «Өте дәулетті қазақтардың өздері де өлген адамның асына көп шығындалады. Құнанбай, мәселен, қайтыс болған інісінің соңғы асын 200 жылқының басымен бағалайды. Ол 63 жылқы, 200 қой сойған, ал бәйгеге, қант, шай, күршіке кеткен шығынның есебі жоқ» [2, 186 б.]. Құмалақ ашу кезінде болашақты қалай ашқаны, жын-шайтанадармен араласа алғанын, қасиетінің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратынын Жақсылық деген кісіден естігені туралы және Жетісуға бармайтынын болжап бергенін хатқа түсірді.

Қазақтар жылқыны қандай ерекше орынға қоятыны белгілі. Бұл Адольф Янушкевич жазбаларында да келтірілген. «Қазақтар өздерінің малын ақ мал, қара мал деп екіге бөледі. Ақ малға-жылқылар, ал қара малға түйе мен үй жануарларының бәрі жатады» [2, 185 б.]. Итті арамға санайтыны, тек ғана тазы ит болса үйге кіргізетіні айтылған.

Адольф Янушкевич өз жазбаларында жылқының бағалығын көрсететін оқиға мен әйелдердің қоғамдағы рөлі туралы өз жазбаларында жазды. Әйелдердің мәртебесі XIX ғасырда ерлерден әлдеқайда төмен болды. Бұл «Мен қазақтар арасында әйел байғұстың ең төменгі орын алатындығын тек осы жерде ғана анық білдім. Санақ жүргізу үшін біздің ауылға келген еркектер арасында бір әйел болды. Ол науқасы күйеуі мен мырзаның орнына келсе керек. Қолында қамшысы бар бұл байғұс киіз үйге кірген бетте, босаға жаққа отыра кетті. Бізге шай беріліп, ақсүйек атаулының бәрі дөңгелене отырып, біздің қытай кеселерімізбен зәру сусынға ден қойғанда: «Мына әйелге де шай ұсынса болмас па?» деп қалдым мен Викторға. «Ә! Құдайым сақтасын!»- деді Виктор.

– Онда шай татпаған басқалар саған өлердей өкпелер еді.

– Мына адамдардың босағада үн-түнсіз отырған осы әйелден несі артық?» - «Ойбай-ау, олардың әйелді жылқыдан төмен қоятындығын сен әлі күнге дейін білмейтін бе едің?», - деді ол. «Бұнысы несі!»- деппін даусым қатты шығып. «Солайы солай. Қазақтар құдай жаратқандардың бәрін мына тәртіппен қояды:адам, онан соң жылқы, жылқыдан кейін әйел,

сонан соң түйе, сиыр, қой, ешкі және ең ақырында, ең сорлысы- ит» деген үзінді әйел адамның орнын көрсетеді [2, 191 б.].

Қазақ халқы ер адам тамақты әйелден адамнан қарағанда дәмдірек жасайды деп айтады. Әлемдегі белгілі аспаздардың көбі ер адамдар. Осы ойды растайтын және бұрын әйел адамның тамақ жасауға араласпайтындығы дай айты«Тамақ әзірлеу- әйелдің жұмысы емес. Ал, кейде әйел мұндай абыройға ие бола қалса, қорқа-соқтап істейді. Егер дайындаған асы күйеуіне ұнамаса, онда әйел қамшы жейді. Әйелдің міндеті- от жағу, қазан тазалау, ет әзірлеу. Содан кейінгісін еркек өзі пісіреді; пісіріп болған соң, кісілер табақты айнала отырады, әйел сорлыға тиетіні - сүйек-саяғы, оның өзі де бәйбішеге ғана тиеді. Сонда да әйел еркектен гөрі қайырымдырақ. Қазақтардың қолына түсіп, тұтқында болғандар Викторға мынадай жайды әңгімелепті: аяқ-қолдары байлаулы жатқан олар еркектен жарты құрт та, бір тамшы су да сұрап ала алмапты, ал әйелдер түнде күйеулерінің көзін, ала беріп, тұтқындарға тамақ та, сусын да, қымыз да әкеліп берген [2, 219 б.].

«Егер қызды алып қашса, бұны ол менің қымбатты Густавым өзінің тамаша поэмасында ойлайтынындай, қызды өліп-өшіп сүйгендігінен істемейді, көбіне-көп қалыңмал төлегісі келмейтіндіктен осыған бас тигеді. Қыздың төркіні ұрыншақты әйгілеп, бойжеткенді қайтару немесе ол үшін қалың мал төлеу керектігін еске салса да, ол қайткен де құтылып шыға келеді. Бұның сыры: қыздың қайда екендігін анықтап білгенше, ұзақ уақыт өтеді. Бұл екі арада ол кіріптар әйелден пайда тауып, қызметін істетеді. Сондықтан әйел үшін енді қалыңмал азырақ және тіпті бөліп-бөліп төлеуге болады. Тіпті былай болатыны да бар: қызын жақсы көретін әкесі оны ұрлап әкеткенге іштей қуанады. Өйткені ол енді жасау әзірлеп, күйеуге ер-тоқым сыйлап, құдалардың асты-үстіне түсіп күту міндетінен босанады» [2, 149 б.].

Көшпелі қоғамды әйелдер мәртебесінің қандай болғаны анық емес. Олар бір жағынан, өз отбасы басқа біреудің руына қалың мал үшін сатып жіберген, ал үйленгеннен кейін күйеуінің еркіне толықтай тәуелді болып қалатын құқықтары жоқ болатын болса, екінші жағынан көшпелі қоғамда әйелдердің еркіндігі туралы айтылады. «Статус женщины в традиционной казахском обществе» атты мақалада Г.К. Жапекова «Ол қазақ қоғамында салт-дәстүр мен отбасы ошағын сақтаушы ғана емес, экономикалық, саяси, қоғамдық өмірге ерлермен тең дәрежеде араласты. Қазақ халқы әйел тұлғасының құнды қасиеттерін өз пікірінің болуы, ойлау дербестігі, өз көзқарасын қорғауға және соған сәйкес әрекет етуге дайын болу» деген ойларын көрсетті [5]. Дала әйелдерінің басқа шығыс халықтарының әйелдерінен ерекшелігі, олардың тәуелсіздігі мен еркіндігі әлдеқайда жоғары болды, көбінесе халықтың тағдырлы шешімдеріне тікелей қатысады. Тарихта өз ізін қалдырған массагеттердің ұлы патшайымы Томирисінің бейнесін мысалға алуға болады. «Қазақ халқының әлеуметтік жағдайы көптеген факторларға байланысты болды. Отбасында қыздың мәртебесі ұл баладан төмен болмады, ата-анасының үйінде қыз отағасы мен құрметті қонақтардың арасында «төр» деген құрметті орынға отырды. Этнограф Әбубәкір Диваев «Олар қыз балаға ұлдармен тең дәрежеде қарайды, оған лайықты құрмет көрсетеді», - деп атап өтті [6].

Уақыт өте келе өмірінің ұзақ уақыт қазақ халқымен өткізіп өзі де қазақтар сияқты болып бара жатқанын хатына түсірген. «Мен, әсілі, аздап-аздап қазақ болып бара жатқан сияқтымын. Киіз менің үйреншікті баспанама айналды» [2, 253 б.]. Адольф Янушкевичтің еңбегі қазақ елінің географиялық ерекшеліктері, медицинасы, мәдениеті, танымал тұлғалар мен қарапайым халықтың өмірі, әртүрлі оқиғалар қамтылған кітап. Кітап тарихнамамыздың бағалы дереккөзі ретінде саналады. «Бұл кітапта XIX ғасырдағы қазақ тарихының көптеген маңызды оқиғалар сақталған. Бұл деректі фильм жасауға арналған дайын сценарий» [7].

Қорытындылай келсек, Адольф Янушкевич оқиғаларды егжей-тегжейлі жазуы Қазақстан тарихына үлкен үлес қосты. Адольф Янушкевич кітабы көшпелі өмірдің ерекшеліктері мен қазақтар бейнесін ашып көрсетті. Тарихты зерттеу маңыздылығы өскен сайын, бұл кітапқа деген қызығушылықта көбейді. XIX ғасырдың бірінші жартысында жер аударылған поляк революционерлерінің көмегімен құрылған поляк-қазақ әдеби-мәдени

байланыстарын жасауға септігін тигізді. Г.Зелинскийдің «Дала» және «Қырғыз» поэмалары қазақ тіліне аударылды. Қазақстанда поляк дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтайтын Қазақстан поляктарының одағы құрылды. Қазақстан мен Польшаның қарым-қатынысының құрылуына әсер еткен тұлға ретінде Адольф Янушкевич өзіндік орын алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Стеклова, Ф. Адольф Янушкевич и его книга. //Простор. Литературно-художественный ежемесячный журнал. – Алма-Ата, № 3. – 2019. – С. 90-109.
2. Янушкевич, А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.
3. Шаблей, П.С. История татарской общины Семипалатинска // Историческая этнология. - 2020. – Т. 5. – №1. – С. 75-94. – URL: <https://historicaethnology.org/wp-content/uploads/2019/01/ИЭ2020-1-75-94.pdf>
4. Пашенцева, Э.А. Из истории внешней торговли Семипалатинского купечества в XIX веке. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/iz-istorii-vneshney-torgovli-semipalatinskogo-kupechestva-v-xix-veke/pdf>
5. Жапекова Г.К. Статус женщины в традиционном казахском обществе // Вестник. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – №1 (46). – 2014. С. 78-86. – URL: <https://bulletin-philopolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/download/830/803/>
6. Абенова, Э. Казахские женщины XIX-XX века глазами иностранных путешественников. – URL: <https://the-steppe.com/razvitie/kazahskie-zhenshchiny-xix-xx-veka-glazami-inostrannyh-puteshestvennikov>
7. Донковцева, В. Польский красавец живший в степи. - URL: <https://vestisemey.kz/10165/polskiy-krasavets-zhivshiy-v-stepi.html>

УДК 9. 94

АНГЛИЙСКИЕ ЭКСПЕДИЦИИ НА ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ В XIX ВЕКЕ

Есенжолов Д. С

darin.esenjolov777@gmail.com

ЕНУ имени Л.Н.Гумилева студент 4-курса исторического факультета
Научный руководитель - Ерменбаева Г.К.

В XIX веке можно наблюдать возрастающий интерес к Центральноазиатским ханствам со стороны Великобритании. В английских источниках можно найти информацию о причине проявления активного интереса этим странам. Главный вопрос, волновавший Великобританию в то время было связано с налаживанием дипломатических и политических отношений с Центральноазиатскими странами, а также использовать этот регион в качестве буфера между Россией и Британский Индией. В данной статье предпринята попытка раскрыть цель английских экспедиций и их последствия. Актуальность данной темы объясняется тем, что в историографии преобладают работы, посвященные российской экспедиции в Центральную Азию, однако тема английских экспедиции до сих пор остается не раскрытой.

В середине XIX века Британская империя завершает процесс колонизации Индии. С тех пор Великобритания стала известна среди английского населения как «Империя, где солнце никогда не заходит». На основе этого Британская империя начинает свое продвижение в Центральную Азию с целью сохранения своего господства в колониях [1.143 с.]. С давних времен территория Центральной Азии служила транзитным коридором. Например, когда в 1836-1837 годах на казахских степях произошли массовые выступления против российского господства, это привело к нарушению торговли между Центральной Азией и Индией. Как результат, Россия планировала открыть новые альтернативные пути торговли к Герату, расположенному к западу от Афганистана. Персидскому шаху Мухаммеду было предложено поддержать его военное вторжение в Афганистан. Персидские